



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

Қарағанды облыстық
мәслихаты төрағасының м.а.
ӨКІМІ

Қарағанды қ. № 2-5/12-09
11 қаңтар 2023 ж.

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XXIII сессиясын шақыру туралы

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XXIII сессиясы 2023 жылғы 16 қаңтарда сағат 16.00-ге (Әлиханов көшесі, 13, конференц-зал) шақырылсын.

Қ.ОСПАНОВА,
Қарағанды облыстық
мәслихаты
төрағасының м.а.

ХАБАРЛАМА

Облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 16 қаңтардағы кезектен тыс XXIII сессиясының қарауына мына мәселе шығарылады:

1) Округтік сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру туралы.

2) Басқа да мәселелер.

Қ.ОСПАНОВА,
Қарағанды облыстық
мәслихаты
төрағасының м.а.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Еңбекақы артады

Осы айдан бастап әлеуметтік қамсыздандыру саласының 38 мың қызметкері жалақысын 25%-ға артық алады. Елде әлеуметтік қызметкерлердің жалақысын кезек-кезеңімен арттыру жалғасуда.



Стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде, үйде қызмет көрсететін, уақытша баспана ұйымдарында және жұмыспен қамту орталықтарында жұмыс істейтін басшы құрам мен негізгі персонал – әлеуметтік қызметкерлер, педагогтер, медицина қызметкерлерінің айлығы өсті.

Быттыр әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы 25%-ға, оның алдыңғы жылы 50%-ға өскен болатын. Сондай-ақ, 2021 жылы лауазымдық жалақының 30%-дан 40%-ға дейінгі мөлшерінде қосымша өсуі арқылы әкімшілік және көмекші персонал, стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде, үйде қызмет көрсету және уақытша баспанада жұмыс істейтін жұмысшылардың жалақысы артқан еді.

Өз тілшімізден

• «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

Ауыл қаладан қалмайды

Билік кейінгі жылдары ауыл тағдырына алаң. Қалаға бет алған көштің қарасы қалың. Әрине, ағайын зеріккеннен жылы ұясын тастап кеткен жоқ. Даладан таппаған нәпақаны қаладан іздеуге мәжбүр.

Көшті ірқуді ойлаған Үкімет санқилы салалық бағдарламаларды қолға алды. Дикандарға, фермерлерге, жастарға арналған түрлі жобалар бар. Тіпті, оңтүстіктің қалың халқын қоныстары селдіреген солтүстікке көшіруді де жолға қойды. Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тағы бір тапсырма берді. Үкімет наурыздың соңына дейін ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеуі тиіс. Жаңа құжат ауылдың тамырына қан жүгіртіп, несіз жұртқа ел қондырмақ.

Ал, «Ауыл – Ел бесігі» ауылдардың сәнін кіргізіп, мәртебесін көтерген бағдарламалардың қатарынан болды. Быттыр аймақта басы қайырылған шаруаның ауқымы қандай? Быылға жоспар ше?



Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Быттыр «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасының игілігін көрген 21 ауылда 58 478 адам тұрады. Бұл – облыстағы ауыл халқының 28 пайызы. Яғни, 21 ауылда 42 жоба жүзеге асырылды. Жалпы қаржы сомасы – 3 441,6 млн. теңге.

Қолдағы мәліметке сүйенсек, бұл қаржыға 4 мектеп, 3 спорт нысаны және 1 мәдени-сауық орталығының ғимараты жөнделді. Ақтоғай ауылындағы аудандық орталық ауруханаға күрделі жөндеу жұмысы жасалды.

Ауылдық жердегі денсаулық сақтау мәселесін шешу мақсатында фельдшерлік-акушерлік пункттер құрылысы қолға алынды. Бұқар жырау, Абай, Осакаров және Нұра аудандарында 6 ФАП салынуда. Бұқар жырау ауданындағы Гагаринское орта мектебіне жапсарлас ғимарат тұрғызу

басталды. Аталған аудан мен Абай ауданында денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы жүзеге асырылуда. Ақтоғайдағы стадион мен Абай ауданына қарасты Құрма ауылындағы клубты жаңғырту жұмыстары жалғасты.

Ауылдар ішіндегі 24,7 шақырым жолға асфальт төселді. Мәселен, қазір Шет ауданындағы Ақжал кентінің барлық көшелері тақтайдай тегіс. Сондай-ақ, Ақтоғай ауданындағы Сарышаған кентінің жолдары да жөнделді. Дегенмен, биылға жобадан тыс қалған өңірлер де жоқ емес.

Мәселен, быттыр Ақтоғай ауданындағы жобаларға 670 млн. теңгеден астам қаржы жұмсалды. Ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Перизат Темірбектің айтуынша, жеті жоба жүзеге асты.

– Аудан бойынша тірек елді мекені ретінде – Ақтоғай, Сәуле ауылдары, Шашубай, Сарышаған кенттері және спутниктік елді мекен ретінде Үшарал, Шабанбай би ауылдары тізімге енді. Быттыр Ақтоғай, Шашубай және Сарышағандағы жеті жобаға 671 088 мың теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде, республикалық бюджеттен – 555 997 мың теңге, облыстық бюджеттен – 39 154 мың теңге және жергілікті бюджеттен 75 937 мың теңге бар. Жиырма адам жұмыспен қамтылды, – дейді Перизат Мейрамбекқызы.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл сомаға аурухана мен жолдар жөнделіп, стадион жаңғыртылған. Ал, биылға аудан тарапынан ұсынылған жобалар қолдау таппады.

Ақжалдықтар да жобаның шаарапатын көріп отыр. Быттыр Шет

ауданына қарасты кенттегі барлық көшеге асфальт төселді. Жергілікті жұрт дән риза.

– Көктемде көшеміз батпаққа батып, жаз шықса, шаңы көкке көтеріліп жатушы еді. Ауылымыздың сәні кірді. Қазынаға қомақты табыс кіргізіп отырған өндірістің іргесінде тұрған соң игіліктен де құр қалмауымыз керек деп ойлаймын. Елдің тұрмысын ойлаған облыс әкімдігіне, аудан басшылығына алғысымды айтамын, – дейді Игілік Жеңісұлы есімді Ақжал тұрғыны.

Он бес көшені жөндеуге 477 млн. теңгеден астам қаражат қарастырылды. Тіпті, қаражаттың шамалы бөлігі үнемделіп, қазынаға қайтарылды.

Шет ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Маркеш Жонкинаның сөзінше, биыл аудандағы мәдениет нысандарын жаңғыртуға жіті көңіл бөлініп отыр. Яғни, Мойынты мен Босағадағы мәдениет үйлерін күрделі жөндеуге республикалық бюджеттен – 83,1 млн. теңге, жергілікті қазынадан 8,3 млн. теңге қаралды.

Биыл жоба шеңберіне енген ауылдар қатары ұлғайып отыр. Облыс көлемінде 32 ауыл тізімге кірді. Бұл ауылдарда 44 мыңға жуық адам тұрады. 5,5 млрд. теңгеге бірнеше жоба іске асады.

Сонымен, биыл Бұқар жыраудағы Гагаринское ауылындағы мектепке жапсарлас оқу кабинеттерін, асхана мен спортзалын тұрғызу көзделген. Осы аудандағы Мұстафин кентінде – 320 орындық, Абай ауданындағы Топар кентінде 100 орындық денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу жоспарда тұр. Осакаров ауданындағы Ақбұлақ ауылының мектебі, Батпақ, Садовое, Озерное ауылдарындағы мәдениет үйлеріне жөндеу жүргізіледі. Нұра, Бұқар жырау аудандарында су өткізу желілері қайта жаңғыртылады. Бұдан бөлек, аймақтағы ауылдар ішіндегі 134 шақырым жөнделмек.

Ауылдағы тұрмыс қаладағыдан бір мысқал кем түспеуі тиіс. Дәуірдің игілігін даладағы жан да көруі қажет. Ауыл мен қаланың теңдесі теңессін. Бұл – Президенттің тапсырмасы. Осы тапсырманы тап-тұйнақтай орындау – аталған бағдарламаның түпкі межесі...

• ҚҰҚЫҚ

Қадағалау заңсыздықтың алдын алады

Облыс прокуроры Бауыржан Мырзақеровтің төрағалығымен Қарағанды облысының прокуратурасы қадағалау ведомствосының 2022 жылғы жұмысын қорытындылады. Ведомство есебінше, 497 қылмыстық құқық бұзушылық жойылып, 1000-нан астам адам түрлі жауапкершілікке тартылған.



Салтанат ЛІПИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Одан бөлек, 22 кәсіпорындағы 867 қызметкердің құқығы қорғалып, жалақы бойынша 269,4 млн. теңгенің жалақы бойынша берешегі өтелді.

Прокурорлардың актілерімен мемлекетке 1,7 млрд. теңге өтеліп, 1 млн. гектардан астам жер қайтарылды. Мемлекеттің мүддесі қорғалып, бюджетке 506 млн. теңге өтелгенін де айту керек.

– Қадағалау органының араласуынан кейін мемлекеттік органдардың бизнес субъектілеріне қатысты 19 заңсыз тыйымдар мен шектеулердің күші жойылды. 15 заңсыз тексерулер мен бақылаудың өзге де нысандарының жолы кесілді. Үш буынды модель аясында 26 мыңнан астам шешім зерделенді. 1500 заңсыз қаулы қабылданған жоқ. 137 адам негізсіз айыпталулардан қорғалды. Изоляторлар мен қызметтік үй-жайлардан заңсыз ұсталған 43 адам босатылды, – дейді Бас прокурордың орынбасары Болат Дембаев.

Прокуратураның бастамасы бойынша бірқатар үкімдер қайта қаралып, 28 адамның жағдайы жақсартылғанын да айту керек. Одан бөлек, облыс прокурорының орынбасарлары жетекшілік ететін қадағалау салалары бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

Болат Дембаев әріптестерінің назарын Ел Президенттің тапсырмаларын мүлтіксіз орындауға аударды. Сондай-ақ, барлық салада азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау, азаптаулардың және тергеудің басқа да рұқсат етілмеген әдістерінің алдын алу, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуға жол бермеу, қылмысқа қарсы кешенді шаралар қабылдау негізгі міндеттер болып табылатынын атап өтті.

Жұмысты қорытындылай келе, Бауыржан Мырзақеров облыс прокуратурасы алдындағы басым міндеттерді айқындап, оларды уақытылы орындауды тапсырды.

• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Жауапкершілік жүгі қанша теңге?

Жыл соңында Денсаулық сақтау министрлігі медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру туралы заң жобасын ұсынды. Оны Мәжіліс депутаттары бірінші оқылымда-ақ қабылдады. Енді жаңа құжат аясында дәрігердің қателігі үшін сақтандыру төлемін жасап, медицина қызметкерлерінің қылмыстық жауапкершілігін жеңілдетпек. Медициналық немесе фармацевтикалық қызметкердің кәсіби міндетін дұрыс орындамағаны үшін жаза жеңілдеуі мүмкін. Себебі, заң Қылмыстық кодексінің 317-бабын ізгілендіруді көздейді. Яғни, кодекстегі санкциялық шаралар төмендетілмек. Ісіне салғырт қарап, ауруымнан айығамын деп келген адамның ауруына ауру жамап, тіпті, өмір сыйлаудың орнына өліміне себеп болған медицина мамандары қылмыстық жауапкершіліктен құтылғаны ма? Министрлік жауапкершілік жүгін қанша теңгеге бағалап отыр?



Жансея ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



➔ 2-бет



● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Тасқынға тосқын шаралары пысықталды

Облыс аумағында су тасқынының алдын алуға бағытталған негізгі ауқымды іс-шаралар мамыр-қараша айларында Жол картасы мен облыстық инженерлік жұмыстар жоспарына сәйкес атқарылған еді. Нақтыласак, өткен жылы 12 іс-шара жоспарланып, оның 7-еуі аяқталған. Нұра өзені учаскелерін санациялау бойынша жұмыс жалғасуда. Бірақ, облыстық маңыздағы автомобиль жолдарындағы 4 көпірді реконструкциялау бойынша жұмыстар кезегін күтуде. Жоспардағы істерді уақытылы тиянақтамаса, іс насырға шабуы да ықтимал. Облыс әкімдігінде өткен кезекті жиында Ермағанбет Бөлекпаев қарамағындағыларға су тасқынының алдын алу мәселесін жеке бақылауда ұстайтындығын қадап айтты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынды ашып, сөз алған Ермағанбет Қабдулаұлы ә деген бетте облыстық төтенше жағдайлар департаменті басшысы Мұрат Қапановтан су тасқыны қаупі бар негізгі өзендердің ариасы бойынша мәлімет алды. Бірқатар аяқталмаған іс-шараларға қарамастан, облыста Солонка өзенінің 7 шақырымынан астам учаскесін және Ақбастау өзенінің үш жарым шақырым бөлігін санациялау, сондай-ақ, Ғабиден Мұстафин кентіндегі бар бөтетті нығайту сияқты елеулі жобалар іске асырылған. Бұдан бөлек, Табиғи ресурстар басқармасы Нұра өзенінің учаскелерін, Самарқан су қоймасының кіреберісіне дейін жалпы ұзындығы 4,7 шақырымын санациялау жұмыстарын аяқтап, «Қызылорда-Павлодар» автожолындағы көпір мен Қ.Сәтбаев атындағы канал арасындағы Нұра өзенінің учаскесін тазалау басталған. Барлығы 14 шақырым қорғаныс бөгеттері мен біліктері тұрғызылып, нығайтылды. 21 учаскеде су өткізу қабілеті ұлғайтылып, 20 су шаруашылығы объектісіне жөндеу жүргізіліпті. Төрт елді мекенде жергілікті хабарлау жүйесі орнатылды.

– Бұл күнгі негізгі міндетіміз – көлемі артық қарды азайта отырып, қар траншеяларын кесу. Облыс бойынша барлығы 319 мың текше метр



қар шығарылды. Алдағы аптада Қазгидромет мекемесі өкілдерімен бірлесіп, Шерубай-Нұра өзендері арналарының жоғарғы ағысы бойынша алғашқы қар өлшеуіш айналма жол жүргізуді көздеп отырмыз. Су тасқыны кезеңі басталғанға дейін барлық тасқын қаупі бар өңірлерді айналма жолдармен қамтуды жоспарладық, – деп баяндады Мұрат Қасенұлы.

Атап өту қажет, тасқын қаупі жоғары Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран қалалары мен Бұқар жырау, Қарқаралы, Шет, Абай, Ақтоғай, Нұра, Осакаров ауданда-

рының аумақтары ерекше бақылауға алынды. Автомобиль және теміржолдардың 140-қа тарта қауіпті учаскелері де нысанада. Бүгінгі күні облыс аумағындағы өзендерде қар жамылғысының космомониторингі және жарылыс жұмыстарын жүргізу қызметтеріне шарттар жасасу бойынша конкурстық рәсімдер басталған. Ағымдағы жылға өңір аумақтары мен шаруашылық жүргізуші субъектілерін тасқыннан қорғау жөнін-

дер кезінде реттемеу, өзендер мен каналдардың табанын тазалау сынды шараларға баса назар аудармаудан туындап жатады. Қайталап айтайын, мезгілінде қаржыландырылмай, аяқсыз қалған шараларды осы бастан реттеп тастамасаңыздар, көктемде жайылып аққан су шырғалаңға түсірмесіне кім кепіл?! Қазірдің өзінде сіздердің келтірген дәйектеріңіз көңіл тоғайтпай тұр. Сондықтан, келер айдың бас кезінде жағдайды

● СЕНАТ САЙЛАУЫ

Сайлау Кеншілер сарайында өтеді

14 қаңтар күні облыстағы Сенат депутаттарының сайлауы Қарағанды кеншілер мәдениет сарайының ғимаратында өтеді. Сол күні дауыс беруге облыс мәслихаттарының барлық деңгейдегі депутаттары жиналады. Сайлаушылар сенатор мандатына үш үміткердің біріне дауыс береді.



Облыс әкімдігінде облыстық сайлау комиссиясының бастама-сымен Сенат депутаттарын сайлауды ұйымдастыру бойынша бірлескен кеңес өтті.

– Қарағанды облысында Сенат депутаттығына жеті кандидат ұсынылды. Үш кандидат тіркелді: облыстық мәслихат депутаты, коммерциялық құрылымның қызметкері және қоғамдық ұйымның өкілі, – деді Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нүркенов.

Облыстық сайлау комиссиясының аппаратына сәйкес, облыстық мәслихат хатшысы Серік Өтешов, оның кандидатурасын Нұра және Осакаров аудандарының мәслихаттары ұсынған. Ал, Қарағанды облысы бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының басшысы Мұрат Әбілов пен Қарағанды облысы Кәсіподақ орталығы төрағасының орынбасары Татьяна Шатохина өзін-өзі ұсынып отыр.

Қазіргі уақытта үгіт-насихат науқаны жүріп жатыр, кандидаттар сайлаушы депутаттармен кез-

десу ұйымдастыруда. Ал, 13 қаңтар, жұма күні тыныштық күні жарияланады. Сайлау өтетін Кеншілер мәдениет сарайында барлық қажетті жағдайлар қамтамасыз етілетін болады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барлық ұйымдастыру мәселелерін толық шешуді тапсырды.

– Үздіксіз интернет байланысын, дауыс беру орнын материалдық-техникалық жарақтандыруды және қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету қажет, – деп атап өтті өңір басшысы.

Сенатты қалыптастыру тәртібі ҚР Конституциясында айқындалған. Парламенттің жоғарғы палатасында әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Астанадан екі адам ұсынылған. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде сайлаушылар – мәслихат депутаттары жасырын дауыс берген кезде сайланады. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл. Құрамның жартысы үш жыл сайын қайта сайланады.

Өз тілшімізден

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Өзгенікі таңсық, өзіміздікі қаңсық па?

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев «АрселорМиттал Теміртау» АҚ басшылығымен, шағын және орта бизнес өкілдерімен онлайн-кездесу өткізді. 2022 жылы алпауыт кәсіпорнын жергілікті өндірушілерден 35 млрд. теңгеге тауар сатып алған.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»



– Біз жүйелі түрде «АрселорМиттал Теміртау» АҚ сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесінің өсуін қамтамасыз ету жұмыстарын жүргіздеміз. Компания сатып алатын тауарларға тұрақты талдау жүргізіледі. 2022 жылдың 9 айындағы дерек 388 млрд. теңгенің тауары сатып алынғанын көрсетеді. Бұл ретте қазақстандық қамту – 301 млрд. теңгені немесе 78% құрады. Шикізаттық емес тауарларды жергілікті өндірушілерден сатып алу 35 млрд. теңгені құрап, 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 52%-ға өсті, – деді облыстық өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Әскербек Халтонов.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ Бас директоры Владимир Яблонский, проблемаларды шешу үшін жеткізушілермен үнемі кездесулер өтетінін айтса, қазақстандық қамтуды дамыту бағдарлама-

сы туралы бейіндік бөлім бастығы Инжу Күзеубаев тілге тиек етті.

Бүгінде компания швеллер мен бұрыштар, матауыштар, болат арқандар, респираторлар, қолғаптар, полиэтилен пленкасы және тағы басқа өнімдерді экспорттайды.

Кездесу барысында жергілікті тауар өндірушілер өз сұрақтарын қойып, шағымдарын да айтты. Осы орайда, аймақ басшысы:

– Компания өңірдің тауар өндірушілерінің әлеуетін толық пайдаланбайды. Бұл біздің ел, біздің аймақ және біздің адамдар екенін сезіну керек. Барлығымыз бір шаңырақ астындамыз, сондықтан, жерлестерімізді жұмыспен қамтамасыз етуіміз керек, – дей келе, әрбір кәсіпорынмен мәселелерді пысықтауды талап етті. Жергілікті тауар өндірушілерді қолдау мақсатында облыс әкімдігі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-мен меморандумға отыруды жоспарлады.

● ОҚЫС ОҚИҒА

10 қаңтар күні сағат 21:29-да Қарағанды қаласы Республика даңғылы, 18/2 мекенжайындағы 16-қабатты тұрғын үй өртенді. Өрттің жалпы ауданы 30 шаршы метрді құраған. От шарпыған пәтердің егесі зейнеттегі полиция полковнигі болып шықты. Кеше өткен шұғыл жыын барысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев «үй аумағын мұқият тексеріп, тұрғындарға ең қажетті көмек көрсетілісін» деп тапсырды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаза тапқан тағы екі адам – оның жұбайы мен ағасы болған. 70 жастағы полковник Ринат Шокаев бұған дейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Б.Бейсенов атындағы Қарағанды акаде-

Зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсетіледі

миясының саптық бөлім бойынша бастығының орынбасары болып қызмет атқарған. 43 жасар ұлының сегізінші қабаттың терезесінен қалай құлап кеткені әлі белгісіз. Қазір ол ауруханада жатыр.

– Науқастың жағдайы орташа ауыр. Есін біледі. Жансақтау бөлімінде. Дәрігерлер қажетті медициналық көмек көрсетуде. Науқас кеуде қуысынан жабық жарақат алған, жіліңшік сүйектері сынған. Консилиум өткізілгеннен кейін палатаға ауыстыру туралы мәселе шешілетін болады, – деп хабарлады облыстық денсаулық сақтау басқармасының өкілі.

Әзірге үйді электрмен жабдықтау қалпына келтірілген. Лифт іске қосылуда. Сол күні құтқарушылар күшімен 48 адам құтқарылған. Оның тоғызы – бала. 82 адам эва-



куацияланды. Сағат 22.55-те өрт толығымен ауыздықталды.

Белең алған оқыс оқиға бойынша Қазақстан Республикасы Қыл-

мыстық кодексінің 204-бабы 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс тіркелген. Тиісті сараптама тағайындалды. Тергеу амалдары жүргізілуде.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Олимпиададан олжалы оралды

Астанада бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған V республикалық «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасы өтті. Байқауда 150 педагог бақ сынасты. Қарағанды облысынан барған үш мұғалім жүлделі оралды.

Қарағанды қаласының №97 гимназиясының зерттеуші-мұғалімі Лариса Романовская I орын иеленді. Лариса осы кезге дейін математикадан бастауыш сыныптарға арналған оқу-әдістемелік кешен жарыққа шығарған. Бүгінде ұстаздық қызмет атқарып келе жатқанына 26 жыл болыпты. – Өзім тандаған саланы, математиканы жақсы көремін. Әсіресе, логикалық тапсырмаларды шешкенді ұнатамын. Соңғы екі-үш жылда балаларды олимпиадаларға дайындауда байқағаным – біз үйреніп қалған дағдылар мен тапсырмаларда өзгешелік бар. Қай бағытқа көбірек көңіл бөлу керектігін жақсы білемін, – деді



Лариса Романовская.

Ал, II орын Балқаш қаласы Абай атындағы №2 мектеп-лицейдің бастауыш сынып

мұғалімі Шынар Стамбековаға берілді. Оның айтуынша, кез келген тәжірибе педагогикалық шеберлікті арттыруға көмектеседі. Шынар Стамбекова тек сабақ беріп қана қоймай, математика және логикаға икемі бар оқушыларға арналған үйірме өткізеді.

Қарағанды қаласы №45 гимназия мұғалімі Наталья Капинос III орын алды. Олимпиада барысында мұғалімдер комбинаторлық логикалық есептерді шешу арқылы өз тәжірибелерін жетілдірді, жаңа тәсілдерді қолдану дағдыларын дамытты. Қатысушылар үшін екі күндік оқыту семинары да ұйымдастырылды. Белгілі математик және «Зерделі» зияткерлік мектебінің негізін қалаушы Рысбек Мәуіт, сондай-ақ, елорданың үздік университет оқытушылары педагогтерге дәріс оқып, шеберлік сыныптарын өткізді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар табысталды.

Өз тілшімізден

Құттықтаймыз!

Құрметті Әмірбек ҚОСМАНҰЛЫ!

Сізді ақсақалдық жасқа жетіп, зейнет демалысына шығуыңызбен және асыл жарыңыз Гүлбаршын екеуіңіздің Гүлбаршын екеуіңіздің түсірмей, бәріміз еркелетіп өсірген балдай тәтті сәби шағыңыз... Мен келін болып түскенде 3 жасар бала едіңіз. Қомар марқұм екеуіміздің ортамызда жатып, еркелеген күндеріңізді қалай ұмытайық?!



Бәрі де – бүгінгідей көз алдымызда. Алтынбек атамыздың тұңғыш немересі болып, барша әулеттің көз қуанышы, көңіл жұбанышы болғаныңыз... Қолымыздан түсірмей, бәріміз еркелетіп өсірген балдай тәтті сәби шағыңыз... Мен келін болып түскенде 3 жасар бала едіңіз. Қомар марқұм екеуіміздің ортамызда жатып, еркелеген күндеріңізді қалай ұмытайық?!

Міне, адалдыктан айнымай, еңбегіңіз бен ырысыңызды еселеп, зейнет жасына да жеттіңіз. Мерейлі сәтіңізде Сізге қуатты денсаулық, ұрпақ қызығын білейміз! Шаңырақтарыңызға шаттық ұялап, Қызыр қияласын! Босағаңыздан сүйіншілі хабар үзілмей, төріңізге ырыс-даулет қонсын!

Өмір – майдан, қажетіне жарасаң,
Көңіл – жайлы ән, жүрегіңе жол ашар.
Бұл туралы жылы сөз көп кеуденде,
63-тің аскарынан қарасаң...
Әр сәт алға жетелейді ерек із,
Өзің салған ар жолымен келеміз.
Өміріңнің әр шыңында қасқайып,
Асқақ сөйлеп тұрарына сенеміз!

Ақ ниет, адал пейілмен – Қомар әулеті атынан
Қайыңжамал және барша бауырларыңыз.

№12

Құттықтаймыз!

Қадірлі Әмірбек ҚОСМАНҰЛЫ!

Сізді көп жылғы еңбегіңіздің жемісін көрер зейнет демалысына шығуыңызбен және Гүлбаршын екеуіңіздің жұбайлық өмірлеріңіздің 45 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз!



Тағдыр сыйына келіп, бала-шаға, немере қызығын ұзақ көруді бір Алла нәсіп етсін! Шөберенің қолынан су ішетін ата-әжелік жасқа аман-есен жетулеріңізге тілектеспіз! Өздеріңіз ғасыр жасап, ұрпақтарыңызбен мың болыңыздар!

63 жас – ақсақалдықтың басы. Жауапкершілік еселеніп, тек парасатты серік ететін өмір белесіне зор абыроймен жеттіңіздер. Сол абырой аласармай, мұңсыз тірлік кешіңіздер!

Сізге бұрсын өмірде Қызыр көшін,
Шаңырақтың шаттығы үзілмесін!
Көктемдейін жайнаған көңіліңізден,
Аулақ салсын қыс пенен күз іргесін!

Қадіріңді барша жан бағаласын,
Өмірде өрге тасың домаласын!
Бағыңызға еш пенде көз алартпай,
Жаныңызға жамандық жоламасын!

Жаратқан ием жар болып, Жаңа жылдың жарқын күндерінде
жақсылықпен жүздесуді жазсың!

Ізгі ниетпен: жезденіз – Жақсыбай және Сәлимаң марқұм
екеуіміздің бар байлығымыз – балаларымыз, немере-шөбере-
леріміз.

№13

ҚҰРМЕТ

Қазақ сахнасының саңлағы

Қазақ киносындағы бірегей туынды «Менің атым Қожа» фильміндегі Қожаның анасы қазақ көрмерменіне жақсы таныс. Жайсаң мінез жалғызбасты ана ролін Қазақстанның халық артисі Бикен Римова сомдаған еді. Кино және театр өнері саңлағының 100 жылдығына орай Н.Гоголь атындағы облыстық кітапханада библиографиялық жадынама көрсетілді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қазақтың талай ару қызы мен абзал анасының бейнесін айнытпай сомдаған талантты актер, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты – Бикен Римова туралы деректерді енді кітапхана сайтынан қарап, табуға болады. Сайтта актрисаның творчестволық жолы және театр мен қазақ киносының даму тарихы да қамтылған.

Бұдан бөлек, «Қазақ сахнасының саңлағы» атты библиографиялық жадынамада актриса туралы тарихи танымдық анықтамалар мен әдеби еңбектер, мерзімді басылым беттеріндегі деректі макалалар пайдаланылды. Аталған библиографиялық жадынама өнерсүйер қауымға, өнертанушы жастарға, сондай-ақ, көпшілік оқырманға арналған.

Жауапкершілік жүгі қанша теңге?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ресми мәліметке сәйкес, елде жылына сапасыз медициналық қызмет көрсету бойынша 300-ге жуық іс қозғалады екен. Соның басым бөлігі екі бапқа негізделеді. Атап айтқанда, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 80-бабы, ол – «Медициналық көмек көрсету тәртібін, стандарттарын сақтамау және оны сапасыз көрсету» және Қылмыстық кодекстің 317-бабы «Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін дұрыс орындамауы». Министрлік осы қылмыстық бапты ізгілендіруді көздейді. Атап айтқанда, наукастың денсаулығына ауыр, орташа және жеңіл зиян келтіргені үшін жазаны жеңілдету ұсынылып отыр. Мәселен, құжат шеңберінде айыппұл мөлшерін және денсаулыққа байқаусызда орташа және ауыр зиян келтіргені үшін қамауға алу мерзімін төмендету, пациенттің денсаулығына ауыр зиян келтірілгенде немесе қайтыс болған кезде «бас бостандығынан айыру» жаза мерзімдерін қайта қараумен «бас бостандығын шектеуге» ауыстыру енгізілген. Мұны министр Ажар Гиният медицина қызметкерлерінің мәртебесін арттыру және оларды әлеуметтік қолдаумен байланыстырады.

Бұл – өте маңызды құжат. Заң жобасында дәрігерлерді қолдауға арналған көптеген шаралар қарастырылған. Мысалы, дәрігер тарапынан медициналық көмек дұрыс көрсетілмесе я болмаса, біреудің денсаулығына қатер төндірген жағдайда бірден



соттамайды, сақтандыру компаниялары мен медиация арқылы көмек беріледі, – дейді Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният.

Заң жобасына сәйкес дәрігердің қателігінен наукастың денсаулығына зиян келсе, сақтандыру компаниясы төлем жасауға міндетті. Министрлікте түсіндіргендей, ұсынылған міндетті сақтандырудың бейімделген моделі жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымдары арқылы жасалады. Төлемнен бас тартқан және қанағаттанбаған жағдайда пациент сотқа жүгінуге құқылы. Сақтандыру жарнасының мөлшері қауіп дәрежесіне байланысты бекітілген есептеулердің негізінде медицина қызметкерінің жауапкершілік дәрежесін ескере отырып айқындалатын болады.

Құжатқа сәйкес, наукас денсаулығына келтірілген зиян 300 АЕК, ІІІ топ мүгедегі болып қалса 500 АЕК, ІІ топ үшін 600 АЕК, І топ мүгедегі болып қалса 800 АЕК мөлшерінде төлем жасалады. Ал, адам көз жұмса сақтан-

дыру 1 мың АЕК болады. Биыл бір АЕК 3450 теңге екенін еске салсақ, адам өмірінің құны қанша екенін есептеп алу қиын емес.

SENIM Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағының Қарағанды облыстық филиалында айтқандай, бастысы наукас материалдық көмек алады.

Әдетте дәрігерлік қателікті дәлелдеу қиын. Онымен Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті айналысады, қорытындыны сол жер береді. Алайда, ол ұзаққа созылуы мүмкін. Бұл ретте әр медициналық мекемеде ішкі аудит қызметі болады. Ол медициналық қызметкердің кінәсі бар деп есептесе, еш кедергісіз материалдық төлем жасау құқығын береді. Яғни, наукас сотқа барып, қорытынды күтін жүрмейді, – дейді облыстық кәсіптік одақ төрағасының орынбасары Сұлтан Медеубаев.


Оның айтуынша, облыстық филиал аталған заң жобасын талқылау жұмыстарына қатысыпты.

БІЛІМ

Қаңтардағы ҰБТ 10 апқанға дейін жалғасалды. Тестілеуге қатысуға 125 мыңға жуық өтініш түскен. Оқушылардың алғашқы легі тестілеуден өтуді бастап та кетті. Бұл туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің баспасөз қызметі хабарлады.

«2023 жылғы алғашқы ҰБТ басталды. Біз тестілеу кезінде ғана емес, оған дайындық барысында да жағдай жасауды жалғастырамыз. Мысалы, ІІ білім беру орталығы талапкерлерге тегін онлайн сабақтар өткізеді. Оқу жылының

Қаңтардағы ҰБТ басталды



басында ҰТО сайтында «Қазақстан тарихы» және «Дүние жүзі тарихы»

бойынша 100 дата, «Қазақ әдебиеті» және «Орыс әдебиеті» бойынша әде-

биеттер тізімі, «Информатикадан» терминдер тізімі орналастырылды, – деді Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

Оның айтуынша, ҰБТ сұрақтары мен тест жоспары құрастырылған оқулықтардың тізімі жарияланған. Яғни, тестілеуден сәтті өтуі үшін талапкерлерге барлық мүмкіндік жасалған.

Акерке БАЙБӘКІР,
Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың журналистика кафедрасының 4-курс студенті

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қақаған аяз қала халқын әбігерге салды. Толассыз жауған қар да жол қозғалысына кедергі келтіріп, оны тазалау қиынға соғуда. Осы орайда ҚМДБ ұйымдастыруымен көше тазалаушыларға тамақ таратылып, жолаушылар таксимен тегін қатынауда.

«Құрметті Қарағанды қаласының тұрғындары, құрметті жамағат. Міне, бүгін Алланың қалауымен, ҚМДБ төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы хазретіміздің бастама-сымен «қолыңнан келсе, қолғабыс ет» және «тегін такси» акциялары өтіп жатыр. Акциядағы басты мақсат – күннің суығында, аязды күндерде көше тазалаушылары және көшедегі жолаушыларға барынша қайырымдылық жасау», – деді ҚМДБ-ның Қарағанды облысының және Әнет баба мешітінің бас имамы Әбдіғали Естай Айтуғанұлы.

Акция тек қаланың өзінде емес, Қарағанды облысына қарасты мекендердің мешіттерінде жүргізіледі. Бас имам-

Қолыңнан келсе, қолғабыс ет!



ның айтуынша, акцияға мешіт жамағатынан бөлек жалпы халық атсалысады. Сонымен қатар, шара аясында жанар-жағармай құю бекетінің басшылығы «тегін такси» жүргізушілеріне тегін жа-

нар-жағармай беру мүмкіндігін қарастырған. Қазір облыс бойынша 100 көлік жолаушыларды тасымалдауда.

Сақылдаған сары аязда қолға алынған бұл шара халық көңілін

жайландырды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, қайырымдылық шарасы бұдан әрі жалғасалды.

Акерке БАЙБӘКІР



• ДІН – ДІҢГЕК

Жұырда Нұра ауданына қарасты Байтуған ауылында жаңа мешіт бой көтерді. Жергілікті халықтың бастамасымен тұрғызылған құлшылық үйіне қажетті қаражатты ауыл халқы жинап, құрылысын да өздері жүргізді. Гимн-ратка бір мезгілде 100 адам сияды.

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мешіттің ашылу салтанатына облыстың бас имамы Естай Айтұғанұлы арнайы келіп, ҚМДБ төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының сәлемін жеткізді. Сондай-ақ, мешіт құрылысына атсалысқан жергілікті тұрғындарға, мешіт имамы Хусман Разах ақсақалға алғыс айтып, мешітке сыйлық тарту етті.

Қазіргідей қымбатшылықта құрылыс жүргізудің оңай емес екені белгілі. Дегенмен, ауыл тұрғындарының өтінішіне құлақ асқан Нұрдаулет Елеусізұлы, Айтбай Зейнікенұлы, Жанайдар Болатұлы сияқты ел ағалары ақылдаса келе құрылысты бастауға бел буған. Аға ұрпақ өкілдерін Мақсат Сұлтанұлы, Жасұлан Тұяқұлы, Азамат Нұрдаулетұлы тәрізді жастар қолдап, игілікті іс-шараның басы-қасында жүрген. Құрылысқа Астана қаласы маңындағы Қос-

Жаңа мешіт бой көтерді



шы елді мекенінде тұратын жанашыр жан Қанат қажы Қуанышұлы қомақты қаржы аударған. Мешіттің ашылу салтанатында осы азаматтармен қатар басқа да тұрғындардың есімі аталып, ерекше құрметке ие болды.

Салтанатты шарада сөз алған аудандық мәслихат хатшысы Төлеген Хамзеұлы жиналған жұртшылыққа аудан басшылығының сәлемін, ақжарма алғысын жеткізсе, ауыл ақсақалы Зейнолла Әлиақпарұлы барша қауымға ақ батасын берді.

Жаңа мешітте Жұма намазын оқыған жамағат еліміздің амандығы мен тыныштығы үшін дұға жасады. Сондай-ақ, бұл күні жиналған көпшілік арнайы жайылған дастарханнан дәм татып, өнерпаздар әзірлеген ән мен жыр шашуына қол соқты.

Нұра ауданы

• БӘРЕКЕЛДІ!

Максимнің Македониядағы жеңісі

Жерлесіміз, жас әнші Ержан Максим Македонияның Скопья қаласында өткен әлемдік деңгейдегі ән байқаудың бас жүлдесін жеңіп алды. Ол бұған дейін «Голос.Дети» байқауында ерекше үнімен көзге түсіп, миллиондаған тыңдарманның ыстық ықыласына бөленген еді. Бүкіләлемдік фестивалдер қауымдастығы ұйымдастырған байқауда әлемнің 16 елінен 32 үміткер бақ сынаған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Әуелі Аллаға шүкіршілік айтамын. Дұға-тілегін жаудырып жатқан еліме ерекше алғыс. WAF AWARDS премиясына және WAF CONTEST байқауына қатысып, Гран-приді жеңіп алдым. WAF AWARDS жүлдесіне әлемнің түпкір-түпкірінен келген 32 үміткердің ішінен 12 бала таңдалыпты. Соның ішінде мен де бармын. «Байқауға қатысамын» деп ойламадым. Осы жеңісімді қазақ еліне арнаймын. Көк туымыз көкте, әлемде желбірей берсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай, – деп жазды Ержан Максим әлеуметтік желідегі парақшасында.

Тағы бір күміс көмей әнші қыз Алтынай Төлеген ІІ орынды иеленді. Қазақтың қос әншісі бұл музыкалық байқауда жеңімпаз атанып қана қоймай жыл бойы еткен еңбегі үшін үздік деп танылды. Олардың өнеріне әлемдік вокалистер тәңті болып отыр.

– Қазақстандық қатысушыларды құттықтаймын. Олар өте дарынды. Келешегінен зор үміт күттіреді. Әлі қауымдастықтың талай шараларында топ жаратыны анық. Өнерпаздарға лайықты баға берілді. Олармен әрі қарай да бірге жұмыс істейміз, – деп атап өтіпті WAF бүкіләлемдік фестивальдер қауымдастығының президенті Марьян Катароски.

• ТАҒЫМ

«Көмір генералына» – лайықты құрмет

«Көмір генералы» деп тарихта қалған Николай Дрижді тірі болса биыл 95 жасқа толар еді. Осы бір тұлғаның есімі қарағандылықтар арасында құрметке ие. Өйткені, ол Ленин атындағы шахтаның алғашқы басшыларының бірі. Еңбегі ел алдында еленген «Көмір генералының» құрметіне ескерткіш тақта ашылды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



– Николай Александрович Дрижді біздің шахтаның бірінші директоры болды. Ол 1964 жылы өндіріске келіп қызметіне кірісті. Жаңа басшы қызметке тағайындала салысымен талапқа сай нәтиже де шығара білді. 1976 жылы өндіріс көлемі екі есеге артты – дейді, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің Ленин атындағы шахтасының директоры Валерий Хан.

Ал, «Қорғау» көмір өндірушілер кәсіподағының төрағасы Евгений Буславтың пікірінше, жаңа ұрпақ кәсіпорынның тарихын және бұрынғы басшыларын білугі тиіс. Жергілікті кен орындарының тарихы келешек ұрпақ санасында тұруы міндет.

– Мен үшін Ленин шахтасы өте ыстық.

Бұл жерде әкем екеуіміз көп жылдар бойы жұмыс істедік. Николай Александрович керемет ұйымдастырушы және өте жоғары деңгейдегі көшбасшы болып мәңгі есте қалады. Ескерткіш тақта орнату – өте дұрыс шешім. Жақында Ленин атындағы шахта 60 жылдық мерейтойын атап өтеді. Жас кеншілер кәсіпорынның бастауында кім тұрғанын білуі керек, – деді ол.

Сонымен қатар, Дриждің жұмыс істеген ардагерлер де естеліктерін айтты. Олар «Көмір генералының» бірегей болмысы мен іскерлігін тілге тиек етіп біршама оқиғалары мен қызықты сәттерін баян етті.

Николай Александрович Дрижді (1927-2022) Саратов облысының Балаково қаласында дүниеге келген. 1953 жылы



Днепропетровск тау-кен институтын бітіргеннен кейін Қарағанды көмір бассейнінің шахталарына жіберілді. Шахта учаскесінің бастығынан «Қарағанды-көмір» ОБ бас директорына дейінгі еңбек жолын өткен.

Мемлекеттік сыйлықтың екі мәрте лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Ленин орденінің екі мәрте иегері, Еңбек Қызыл Ту Орденінің, «Шахтер данқы» белгісінің иегері. «Достық», «Құрмет» ордендерімен, Ахмет Байтұрсынов атындағы медальмен марапатталған. Қарағанды облысының, Қарағанды, Шахтинск, Саран қалаларының Құрметті азаматы ретінде бүгінде аты аталып, абыройы асқақтауда.

• ФУТБОЛ

Қос қорғаушымен жаңа келісімшарт

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы жаңа маусымға қызу дайындық үстінде. Командадағы жартылай қорғаушы Тимур Чогадзе мен Роджер Каньяспен келісімшарт мерзімі бір жылға ұзартылды.



24 жасар грузиялық футболшы Тимур Чогадзе команда сапына өткен жылдың шілде айында қосылған. Содан бері 12 ойын өткізіп, 3 голдық пас берген. Қоржынында – 3 гол. Ал, колумбиялық футболшы Роджер Каньяс та «Шахтер» сапына шілдеде келген. 30 ойын өткізіп, 2 голдық пас берген. 3 рет мергендік танытқан.

• БОКС

Қазақстандық боксшылар – үздіктер қатарында

Халықаралық бокс федерациясы (IBF) барлық салмақ дәрежесіндегі боксшылар рейтингісінің жаңа көрсеткішін жариялады.

Бірінші ауыр дивизионда Серік Мұсаділов XV орыннан көрінді. Үздік «үштікте» поляк Матеуш Мاستернак, британдық боксшы Ричард Риакпорте және оның отандасы Крис Биллам-Смит бар. Бұл салмақта IBF тұжырымы бойынша әлем чемпионы – австралиялық Джей Опетайя.

Екінші орта салмақта – Әли Ахмедов VI орында тұр. Рейтингіте I орынды британдық Уильям Скулл иеленді, ресейлік Владимир Шишкин II орынға көтерілсе, америкалық Калей Плант III орынға жайғасқан. Чемпиондық титул мексикалық Сауль Альвареске тиесілі.

Ал, жерлесіміз Геннадий Головкин чемпион атанған орта салмақта Мейірім Нұрсұлтанов – VII орында. Тізімді бразилиялық Эскива Фалькао бастап тұр, II орында – австралиялық Майкл Зерафа, ал италиялық Винченцо Гуальтьери – III тұр.

Екінші жеңіл салмақта Сұлтан Зәуірбек бұрынғыдай XIV орында. Бұл салмақта әлем чемпионы тәжікстандық Шавкат Рахимов болса, үшінші нөмір бойынша ең жоғары үміткер британдық Джозеф Кордина.

• ТЕННИС

Австралияда күш сынасады

Австралия ашық чемпионатының ұйымдастыру комитеті биылғы бірінші «Үлкен дулыға» турниріне қатысатын теннисшілер тізімін жариялады. Бұл қатарда қазақстандықтар Елена Рыбакина, Александр Бублик және Юлия Путинцева бар.

Австралия ашық чемпионаты 16-29 қаңтар аралығында өтпек. Спортшылар жекелей сайыс бойынша өнер көрсетеді. Оларға іріктеу сайысында бақ сынап жатқан Тимофей Скатов пен Михаил Кукушкин қосылуы мүмкін.

Ал, жұптық сында Андрей Голубев – Александр Недовесов, Александр Бублик – Джон-Патрик Смит (Австралия), Анна Данилина – Саня Мирза (Үндістан), Елена Рыбакина – Анастасия Павлюченкова (Ресей), Юлия Путинцева – Софья Кенин (АҚШ) тізімге енді.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalysk.kz@gmail.com; ortalysk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalysk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№84 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылмы. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Сағыншы ӘБІЛОВА**